

кезеңдегі ұжымдық жұмыстар балалардың ұйымшылдығы мен белсенділігін арттырды. Балалардың шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу мәдениеті мен ой-өрісін, дүниетанымын жетілдіруде театр ойындар түрі тиімді нәтиже береді [4].

Балаларға арналған көркем шығарманы оқыту неғұрлым дұрыс ұйымдастырылса, мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық талғамын дамыту соғұрлым табысты болады. Тіпті кішкентайлар тобынан тобынан бастап-ақ тақпақпен қысқа өлеңдерді айтқызығанда көркем сөздер әсерлі естілу үшін үстел үстіндегі театрды, қысқа сахналы қойылымдар көрсетуді қолдана берген жөн.

Бірінші кезеңде балалар ұжым болып, ертегі мәтінін ауызша айтады. Екінші кезеңде ертегінің барлық кейіпкерлері үшін оқып шығу бір балаға ғана ұсынады. -Үшінші кезеңде балалар бір неше шығармашылық тапсырмаларды орындайды. \қорқыныш, қуаныш сезімдерін көрсете білу және т.с.с. Төртінші кезеңде рөлдерге бөлініп, ертегіні оқу жүзеге асырылады.

Қорыта келгенде, театр балалардың көркем қабілеттіліктерінің жетілдіріп қана қоймай оларды тұлға аралық қарым-қатынасқа, өнерге деген қызығушылықтарын арттырады. Сонымен бірге сахнаға бейімделген балалардың бойында өзіне деген сенім артып, алғашқы қол шапалақтауларды сезіне алады.

Бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ал ойынның өзі бірнеше түрде бөлінеді: дидактикалық, қимылдық, сюжеттік т.б. ойын мазмұны жағынан толысып дамып, дәстүрлі жалғасып келеді. Ойын еш уақытта да дамудың бір сатысына жеткенде тоқтап қалмайды, жетіле түседі. Сәбилерге де, ересектерге де арналған ойындар бар, олар адам өмірінің әр кезеңін қамтиды. Ойын тәрбиенің барлық саласымен, өнермен ұштасып жатады. Әртістердің сахнада өнер көрсетуі- ол да ойынның бір түрі. Ал адамдар театрыға барып спектакль көріп, одан рухани ләззат ала отырып, жағымды, жағымсыз бейнелерді талқылайды.

Осылайша ұйымдастырылған жұмыс театрландырылған ойынның шығармашылықтың әр алуан түрлерінде баланың өзін-өзі мүмкіндіктерін іске асыруына, құрдастарының тобында өзін-өзі бекітуге жағдай жағдай жасайтын болады. Ал МДҰ- дағы мектеп жасына дейінгі балалардың өмірі ойын мен өнердің әр түрлерін кіріктіру есебінен қызғылықты бола түседі, олар театрландырылған ойындық қызметтен өз көрінісін табады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. 2022 жыл
2. Мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.
3. Неменова Т. «Развитие творческих проявлений детей в процессе театрализованных игр» Дошкольное воспитание» №1.1989.
4. Каталог образовательных сайтов – <http://www-predschoool.kz/> .

УДК 740

ББК 74

ВОЛЕЙБОЛ ОЙЫНЫНДА ДОП БЕРУ ӘДІСТЕРІНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Қонысбаев Қанат., Болат Бекзат

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты Арқалық қ., Қазақстан

Аңдақтпа: Волейбол ойыны жеке адамның өміріне де тікелейі байланысты ол адамның әрбір адамның өмірінде зор қызмет атқарады.

Кілт сөздер: Волейбол ойыны жеке адамның өміріне де тікелейі байланысты ол адамның әрбір адамның өмірінде зор қызмет атқарады.

ПРЕИМУЩЕСТВА СПОСОБОВ ПЕРЕДАЧ МЯЧА В ИГРЕ ВОЛЕЙБОЛА

Қонысбаев Қанат., Болат Бекзат

Арқалықский педагогический институт имени И. Алтынсарина, г. Арқалык, Казахстан

Аннотация: игра в волейбол напрямую связана с жизнью человека и играет огромную роль в жизни каждого человека.

Ключевые слова: Игра в волейбол напрямую связана с жизнью отдельного человека и играет большую роль в жизни каждого человека.

ADVANTAGES OF PASSING METHODS IN VOLLEYBALL

Konysbaev Kanat., Bolat Bekzat

Arkalyk Pedagogical Institute named after I. Altynsarin, Arkalyk, Kazakhstan

Abstract: *the game of volleyball is directly related to human life and plays a huge role in the life of every person.*

Key words: *Playing volleyball is directly related to the life of an individual and plays a big role in the life of every person.*

Жалпы алғанда волейболды «миллиондардың ойыны» деп атайды. Бұл ойынның пайда болғанына да баскетбол тәрізді 100 жылдай уақыт болған. Волейбол бүкіл дүние жүзіне тез әрі кең тараған. Ол спорттың қызықты және қолайлы түрінің бірі болып есептеледі. Бұл ойынның кең таралуына ережесінің қарапайымдылығы, орындалатын қимыл қозғалыстарының күрделі еместігі, сонымен бірге волейболды кез-келген жастағы адам ойнай алатындығы себеп болып отыр. Ойын бұлшық еттердің барлық топтарының секіргіштік, икемділік және қозғалыс реттілігінің үйлесімді дамуына көмектеседі. Осы ойында доп беруге аса назар аудару қажет, өйткені қазіргі күні доп беру – допты ойынға енгізу құралы ғана емес, сонымен қатар белсенді тойтарыс беру құралы болып есептеледі.

Ғылыми-әдістемелік әдебиетті талдау арқылы төмен деңгейлі волейболистердің жаттығу процесінде орнында және секіріп берілген жоғары тура доп беру нәтижелігін көтеру үшін әртүрлі жағдайлардың жеткіліксіз қолданылғанын куәландырады. Менің жұмысым осы бағытты зерттеуге байланысты, осыған байланысты оның өзектілігін анықтайды [1].

Волейбол айналысушыларға зор денсаулық беріп және де тәрбиелі-өнегелі болуға шақырады. Волейбол ойыны жеке адамның өміріне де тікелей байланысты ол адамның әрбір адамның өмірінде зор қызмет атқарады. Айналысушылар волейбол ойынан қоршаған ортадағы көпшілік ортада, жан-жағын көңілмен сезіну, бір қалыптылықты, дер кезінде шешім қабылдауды, бір мақсатты талмай алға ұмтылуды, ынталы және тез ойлап айтуды, өзінің мінезін түзеп «өзін-өзі ұстауды» қалай алып жүруді үйретеді. Волейбол ойыны айналысушылардың денсаулығы мен қоса олардың дене бітімін сомдап, дене күштерін дамытып, бойын өсіріп, шыдамдылыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, иілгіштікке және басқаларды дамытып жетілдіреді. Волейбол ойынының барысында оқушылардың әртүрлі, алуан түрлі қозғалыс мінездемелеріне арналған реттік үкімім әр түрлі жағдайларда тез ауысып, ойын барысын өзгерту, әрбір жеке ойыншының жекелей жұмыс қимылдарын шындап жалғастыру.

Әрбір жеке ойыншыларға әр түрлі жағдайда қалай күту, қалай бару қай жерден күту жекелей қозғалыстарын жетілдіру керек. Ойын барысы жағдайында оқушыларға немесе айналысушыларға ойын барысында өз іс-қимылдарымен жеке ойыншы мен ұжым іс-қимылдарын ұштастырып бір-біріне бағындырып ортақ мақсатты дәрежелерге жеткізу. Ортақ мақсаттағы іс-қимылдардың барлық күш-жігерін салып өз мүмкіндіктерін толық пайдалану. Бұндай спорттық күресте кездескен барлық қиындықтарды жеңіп, қажымай талмай, барлық мүмкіндіктерді құр жібермеу керек. Әрқашан да ойынның жүрісін қадағалап, бір сәтте өзгерген ойын барысын байқап бағалап, сол бір сәттің өзгеруге дұрыс шешім қабылдауы керек.

Волейбол ойынымен айналысушыларды көбейтіп, олардың жоғарғы көрсеткіштер көрсетуіне дәрежелерін өсіріп, олармен жұмыс істеуде қажырлық таныту[2].

Доп беру – техникалық әдіс, оның көмегімен допты ойынға кіргізеді және сонымен қатар қарсыласының өзара қимылын қиындатуға тырысады. Бастапқы кезде допты беру допты ойынға кіргізуге әкелетін.

Көптеген авторлардың пікірі бойынша ол біртіндеп командамен қолданылатын маңызды емес шабуыл жасайтын әдіске айналды және жарыстың нәтижесіне айрықша әсер етеді. Доп беру ойын қимылының тізбесіндегі бірінші звено болып есептеледі. Доп беру қанша нәтижелі болса, доп беру құқығын және осымен бастама алған команда үшін ойын барысында оң нәтиже танытады.

Іс-әрекет доп беруден басталады. Бірдей деңгейлі екі команда кездескен кезде олардың жеңіске жетуі немесе жеңілуі доп беруге байланысты болады. Доп беруді орындау кезінде ойыншы ең бірінші тура оң ұпайларды алуға және допты орынды емес бағытта қолдану әдісі кезінде тактикалық нәтижеге жетуге тырысуы қажет. Ойланып жасалған, нақты доп беру қарсыласының әдістерін қиындатады, оның шабуылдық қимылын бұзады. Кейбір кезде допты дұрыс беру командаға ұпай әкеледі. Бұл доп берудің нақтылығымен, күшімен және әртүрлілігімен ерекшелінеді.

Доп беру шабуыл жасайтын соққылар сияқты стандартты болмауы керек, өйткені қарсыласы бұл әдіске жылдам бейімделіп алады. Ойыншы қарсыласын қорқытып, доп беру түрлерімен оған

психологиялық қысым көрсетуі мүмкін. Осыған байланысты доп беретін ойыншы допты әртүрлі әдістермен беру шеберлігіне ие болуы қажет, әсіресе ең болмаса бар күшімен және нақты беретін екі әдісті білуі тиіс. Бір ойыншыдай жарысқа қатысатын команда жеңіс ұпайларын алу үшін мүмкіндік туғызатын доптың траекториясын өзгертумен жоспарланған және алыс қашықтыққа арналған кез келген доп берулерді қолдана алады. Бар күшімен беру – бұл секіріп беріледі, яғни жоғарғы тура және жоғарғы қырынан доп берулер. Ойыншының жеке ерекшеліктеріне байланысты осы доп берулердің түрлері тандап алынады[3].

Доп беру ережеде көрсетілген талаптарға сәйкес жүргізіледі, атап айтқанда ойыншы артқы оң сызықтың алаңында тұрады, допты лақтырады және бір қолының соққысымен допты қарсыласына бағыттайды. Ойыншыға кез келген доп берулерді орындау кезінде төмендегі ережелерді сақтауы керек:

- 1) тұрақты жағдайда қабылдау;
- 2) допты бір қалыпты лақтыру;
- 3) қолмен, аяқпен және денемен жұмыс істеген кезде бәрі бірдей қимылдауы керек;
- 4) допты мұқият қадағалау және допты нақты лақтыруға тырысу керек.

Лақтыруға қажетті бағытталған қарсы жағымен орналасқан доптың басқа бөлігі бойынша лақтыру қажет.

Допты кез келген әдіспен беру кезінде соққыны қолдың алақанымен жасайды, осы ретте қолдың буыны білек буынында ширыққан. Допты лақтыру кезінде қол түзу болуы керек. Допты лақтырғаннан кейін қол сол бағытта алға қозғалыс жасайды. Допты жоғары лақтыру көбінесе бір қолмен орындалады. Бір қолмен допты лақтырған кезде допты лақтыратын қол алдын ала тура қалыпты алуы керек, сонда ғана доп беру неғұрлым нақтырақ болады, бірақ сондай күшті болмайды. Допты лақтыру жоғары тік жүргізіледі. Доптың жоғары ұшуы және ойыншының денесінен оның ара қашықтығы доп беру әдісіне байланысты болады.

Доп берудің және оны қолданудың алуан түрлілігі. Кейбір авторлар соққыларды орындау әдістері бойынша және беруде допты айналдыру мынадай түрлерге бөлінеді деп ойлайды[3].

Соққыны орындау әдісі бойынша.

1. Допты жоғарғы жақтан соғу (жоғарғы түзу).
2. Допты төменнен беру (төменгі түзу соққы).
3. Теннистік түрде беру.
4. Оң иықпен берілген соққы.

Допты беру кезіндегі дене қимылының сипаты және оның жағдайы бойынша торларға қатысты келесі доп берулерді көруге болады:

1. Төменгі тура доп беру.
2. Допты төменгі қырынан беру.
3. Жоғарғы тура доп беру.
4. Допты жоғарғы қырынан беру.

А.Г. Фурмановтың (1983г.) айтуы бойынша доптың жоғарғы тура берілуінің алуан түрлілігі секіруде жоспарланып бағытталған доп беру болып табылады. Жоғарғы бүйірлік доп берудің әртүрлілігі жоспарланған және бар күшімен берілген доп беру болып саналады. Үлкен разрядтағы командалар төменгі тура доп беруді мүлдем қолданбайды, яғни бұл әдіспен «бар күшімен» не «нақтылыққа» доп беруді орындай алмайды, өйткені доп беру кезінде ойыншы алаңды көрмейді және сонымен қатар үлкен қозғалыс амплитудасы есепті қиындатады. Төменнен беру орындау техникасы бойынша аса жеңіл болып саналатынымен доп ұшуының үлкен траекториясының және азғантай жылдамдығы түрінде қабылдау мақсатында қиын емес. Осы доп берулердің қиындатылған нұсқалары кей кезде метеорологиялық жағдайларды ұтымды пайдалану үшін қолданылады.

Допты жоғары тура беру. Аяғы аздап бүгілген ойыншы торға алдымен қарап тұрады. Бірақ бір аяғы аздап алға қарай қойылған. Доп кеуде деңгейінде тұрған қолда орналасқан. Бүгілген шынтақпен соққы беретін қол жоғары көтеріледі, шынтақ басқа жаққа қарайды. Доп айрықша жоғары ұшу позициясына жетеді, ойыншының соққы беретін қолы алға қараған дене қозғалысымен допты аса жоғары нүктеге лақтырады. Соққыдан кейінгі жағдай: ойыншының дене бітімі алға еңкейген, қолы алға қарай еркін қозғалады.

Доп берудің осы әдісі көптеген авторлардың айтуы бойынша оны ерекше нақтылықпен орындау мүмкіндігін береді. Ол доптың жылдам ұшуын пайдалану үшін ауқымды мүмкіндік туғызады.

Жоспарланған доп беруді зерттей келе еңбегі сіңген спорт шебері В. Качаров (1983г.) осы беру кезінде допты айналдырудың қажеті жоқ деген қорытындыға келді. Допқа қолы тиген беруші максималды кинетикалық энергияларды қамтумен үздікті лақтыру-дүмпуін жүргізе келе сол энергияны

допқа бергісі келеді. Доп тура түскеннен кейін өзіне қажетті максималды күш алады және қарсыласының алаңына айналмай келіп түседі.

Аэродинамика заңы бойынша айналмай ұшатын дөңгелек дене (соның ішінде доп) ауыр жылдамдық кезінде өзінің тұрақтылығын жояды және оқыс қимылдар шығара бастайды. Осындай допты қабылдау қиынға соғады. Атап айтқанда доп берудің жоспарланған нәтижесі осыған байланысты жасалған[4].

Доп берудің техникасын талдай келе С.Л.Фетисова қозғалатын міндеттерді шешудің үйлестіру қиындығы доптың ұшу бұрышы және белгіленген жылдамдығын берумен қорытындыланатынын айтты. Ойыншыға доп беруді табысты орындау үшін қажетті:

- 1) Қолдың лақтыру алдындағы қозғалысының белгілі кеңістік-уақыттық және динамикалық сипаттамаларымен;
- 2) Қолдың лақтыру алдындағы қозғалысының белгілі кеңістік-уақыттық сипаттамасымен;
- 3) Осы қозғалыстардың кеңістіктегі және уақыт кезеңіндегі келісімімен;
- 4) Қолдың допты лақтыратын байланысымен белгіленген динамикалық сипаттамалар.

Волейбол – бұл жарыс, онда ойын ырғағын қай жақ бірінші өзіне қаратып алса, сол жақ осы ойынды басынан бастап аяғына дейін дұрыс ойнауға тырысады. Осы ретте әртүрлі авторлардың айтуы бойынша доп беру ойын барысын небары бір доппен өзгерту мүмкіндігін беретін «театрда бір актердің» шығуы үшін қажетті өзіне деген сенімділік сезіндіретін ойын элементі болып саналады. Бірінші қарағанда бәрі қарапайым болып көрінеді, бірақ доп берудің ойында өте қиын элемент екенін естен шығармау қажет.

Доп беруді үйрету әдістемесі мынадай кезеңдерден тұрады:

- Өңгіме, көрсетілімі;
- Бастапқы қалпы;
- Допты лақтыру (әрбір допты белгіленген биіктікке);
- Доп лақтыруды үйлестіру, допты тура, перу арқылы лақтыру және допты қағып алу;
- Залдың ені бойынша екі адамның беруі;
- Екі адамның беруі. 3,5,7,9 метр аралығында тор арқылы доп беру;
- Доп беру ережесі;
- Доп беру;
- Аймақтар бойынша доп беру;
- Нақтылыққа және күшіне доп беру;
- Екі адамнан доп беру. Ойыншылар бір жақтан берілген допты қабылдайды, екінші жақтан допты береді. 20-30 доп беруден кейін орындары ауыстырылады;
- Жарыс түріндегі екі команданың доп беруі.

Волейболдағы техникалық қабылдауларды дұрыс үйретудің методикасы. Волейболдың техникасын, допты қабылдауды үйренуде шұғылданушылардың талаптарына, жаттығулардың санына өз бетінше шұғылдануына қызығушылығына, ойынның жоғары сапалығына, жаттықтырушының стилімен ойыншылардың сәйкестігіне байланысты[5].

Жаттықтырушы волейбол ойынының ілімін жоғары және сапалы түрде қолдану үшін, ол: кинофильмдер, бейне таспалар, квалификацияландырылған спортсмендердің тәжірибесін допты жоғары және төменгі жақтан қабылдағандағы суретке түсірілген сәттерді өз тәжірибесінқосу, көбірек допты қалай қабылдауды көрсетіп , бұл әрекеттерді практикада қолдана білу болып табылады.

Волейбол ойынының ілімінің қолдану келесі кезектен тұрады: жаттықтырушы ойыншыларды жартылай айналдыра орналастырып ойынды бастау үшін физикалық жаттығудан бастайды.

Сурет.1 Волейбол. Тура шабуыл доп беру техникасы



Бастапқы кезде үйретілетін техникалық әрекеттерді көрсету үшін жаттықтырушы немесе тәжірибесі мол спортшы көрсетіледі, одан кейін бастапқы қалып түсіндіріледі.

Жаттығу кезінде жаттықтырушы негізгі әрекеттердің қалай жасалатынын көрсетеді, одан кейін волейболистер бұл әрекеттерді қайталап көрсетіп үйренеді, ал ойыншы қателік жасайтын жағдайда бұл әрекеттерде треннирдің өзі тағыда қайталап көрсетіп беруі тиіс, ойыншы бұл әрекеттерді үйренгенге дейін.

Допты қабылдау жоғарғы дәрежеде болуы.

Волейболистер ойын әрекеттерін қалай меңгергендігі тексеру үшін, ойын кезіндегі қимылдардың көрсету талап етіледі.

Ең тиімді әдіс ол жаттығушылардың өз бетінше техникалық әрекеттерді үйрену болып есептеледі. Соған қарамастан тренердің ақпараттары көрсетпелері жоққа шығарылмайды. Мысалы, техникалық әрекеттердің орындалуы бұлшық еттердің күшіне де байланысты екендігін ойыншыға жеткізу керек.

Әдебиеттер:

- 1 Адамбеков К.И. Теория и методика волейбола. Учебник. Алма-Ата, 2007г,
- 2 Зеленцев А.М., Лобановский В.В., Коуэрвер В., Ткачук В.Г., Уроки волейбола. – Киев, изд. УСХА, 1996.
- 3 Адамбеков К.И. Волейбол ойынының ілімі мен тәсілдемелік негізі. Оқулық. Алматы, 1997.
- 4 Адамбеков К.И., Акпаев Т.А. Педагогические основы системы юных волейболистов. Методические рекомендации. АГУ им. Абая. Алматы. 2002. 3.
- 5 Акпаев Т.А. Психолого – педагогические основы подготовки волейболистов высокого класса. Алматы, монография.

Сведения об авторе (авторах):

Қонысбаев Қанат., Болат Бекзат - Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты Арқалық қ., Қазақстан

УДК 376.112.4

Любимова А.П., Сакаева А.Н.

Карагандинский университет им. Е.А. Букетова (Караганда, Казахстан)

ЗНАЧЕНИЕ НЕИНТЕГРИРОВАННЫХ НЕВРОЛОГИЧЕСКИХ РЕФЛЕКСОВ В РАЗВИТИИ ПРАКСИСА И ПОСТУРАЛЬНОГО КОНТРОЛЯ У ДЕТЕЙ С ЗАДЕРЖКОЙ ПСИХИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

***Аннотация:** статья посвящена актуальной на сегодняшний день проблеме развития праксиса и постурального контроля у детей с задержкой психического развития с неинтегрированными неврологическими рефлексамии. Рассмотрены основные неврологические рефлексы, влияющие на развитие праксиса и постурального контроля. Особое внимание уделено описанию праксиса и постурального контроля у детей при непогашенных рефлексах Моро, тоническом лабиринтном рефлексе, ассиметричном шейном тоническом рефлексе и Галанта.*

***Ключевые слова:** праксис, постуральный контроль, диспраксия, постуральная недостаточность, рефлекс Моро, тонический лабиринтный рефлекс, ассиметричный шейный тонический рефлекс, рефлекс Галанта.*

Lyubimova A.P., Sakaeva A.N.

Karaganda University named after E.A. Buketov (Karaganda, Kazakhstan)

THE IMPORTANCE OF NON-INTEGRATED NEUROLOGICAL REFLEXES IN THE DEVELOPMENT OF PRAXIS AND POSTURAL CONTROL IN CHILDREN WITH MENTAL RETARDATION OF PRESCHOOL AGE

***Annotation:** the article is devoted to the current problem of the development of praxis and postural control in children with mental retardation with non-integrated neurological reflexes. The main neurological reflexes affecting the development of praxis and postural control are considered. Special attention is paid to*